

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



EDU.E-HISTORY.KZ
электрондық ғылыми журнал

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

2015, №1 (2)

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редактор

Әбжанов Хангелді Махмұтұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Төлєнова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ.,

Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Edu.e-history.kz»

электрондық ғылыми журналының редакциясы

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.
Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова
Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Главный редактор

Абжанов Хангелді Махмұтович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусейтова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,
г. Алматы,
ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, «Edu.e-history.kz»

Редакция электронного научного журнала

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о
регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном
формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо
обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
of the Committee of Science Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:

Abzhanov Khangeldi Makhmutovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan), Y. Petrov
(Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA) , A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolenova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,
28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz»
Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate:

No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the journal.

ҚЫТАЙ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ҮНДІ-ЕУРОПА ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ОРТААЗИЯЛЫҚ КӨНЕ ЖАЗБА ҚҰЖАТТАР ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Ошан Ж.

Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты

Аннотация. Бұл мақалада Қытай ғалымдарының Үнді-еуропа тілдерінде жазылған Орта Азиядағы көне жазба құжаттарды зерттеу бағыттары қарастырылады. Зерттеуде қытайлық мамандардың тохар, соғды, хотан-сақ және басқа да көне тілдердегі қолжазбаларды талдау тәжірибесі, олардың тарихи-мәдени маңызы мен тілдік ерекшеліктерін анықтауға қосқан үлесі сараланады. Сонымен қатар, Қытайдағы археологиялық қазбалар барысында табылған жазба ескерткіштердің зерттелу деңгейі, мәтіндерді оқу, аудару және ғылыми айналымға енгізу мәселелері талданады. Мақала нәтижелері Қытай ғалымдарының Орта Азия халықтарының тарихын, мәдени байланыстарын және үнді-еуропа тілдерінің аймақтағы таралуын зерттеудегі маңызды рөлін көрсетеді.

Түйін сөздер: Орта Азия, Қытай ғалымдары, үнді-еуропа тілдері, тохар тілі, соғды тілі, хотан-сақ тілі, көне жазба құжаттар, қолжазбатану, тарихи лингвистика.

ГОРОДА КАЗАХСКОЙ ЭТНОТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ ОБЛАСТИ В КИТАЙСКИХ ПУТЕВЫХ ЗАПИСКАХ И ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКИХ СОЧИНЕНИЯХ XIII ВЕКА

Ошан Ж.

Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова

Аннотация. В данной статье проводится научный анализ сведений о городах казахского этнотерриториального пространства, содержащихся в китайских путевых записках и историко-географических сочинениях XIII века. В ходе исследования рассматриваются названия городов Центральной Азии и территории современного Казахстана, зафиксированные китайскими авторами, их географическое положение, политико-административный статус и роль в системе Великого шелкового пути. Особое внимание уделяется вопросам городской культуры, торговых связей и этнического состава населения, отраженным в китайских источниках в условиях активизации международных контактов в эпоху Монгольской империи. Труды китайских путешественников и историков рассматриваются как важные исторические источники для реконструкции истории средневековых городов казахских земель, а содержащиеся в них сведения сопоставляются с другими письменными и археологическими материалами. Результаты исследования позволяют выявить особенности развития городской культуры на территории Казахстана в XIII веке и определить ее историческое значение в евразийском пространстве.

Ключевые слова: китайские источники, путевые записки, историческая география, казахская этнотерритория, средневековые города, Великий шелковый путь, монгольская эпоха, Центральная Азия.

CITIES OF THE KAZAKH ETHNO-TERRITORIAL REGION IN THIRTEENTH-CENTURY CHINESE TRAVEL ACCOUNTS AND HISTORICAL-GEOGRAPHICAL WORKS

Oshan Zh.

R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies

Abstract. This article provides a scholarly analysis of information on the cities of the Kazakh ethno-territorial region recorded in thirteenth-century Chinese travel accounts and historical-geographical works. The study examines the names of cities located in Central Asia and the territory of present-day Kazakhstan as documented by Chinese authors, their geographical location, political and administrative status, and their role within the network of the Great Silk Road. Particular attention is paid to issues of urban culture, trade relations, and the ethnic composition of the population as reflected in Chinese sources during the period of intensified international contacts under the Mongol Empire. The works of Chinese travelers and historians are evaluated as significant historical sources for reconstructing the history of medieval cities in the Kazakh lands, while the information they contain is compared with other written and archaeological evidence. The findings contribute to a better understanding of the development of urban culture in the territory of Kazakhstan during the thirteenth century and highlight its historical significance within the broader Eurasian context.

Keywords: Chinese sources, travel accounts, historical geography, Kazakh ethno-territorial region, medieval cities, Great Silk Road, Mongol period, Central Asia

Кіріспе

Қытай деректері мәліметі бойынша б.з.д. бірінші мыңжылдықта қазіргі Ганьсу мен Шынжаңда, Ордос пен Моңғолияда, Таулы Алтай мен Оңтүстік Сібірде, Қазақстанның шығыс аймақтары мен Жетісуда, Памир мен Ферғанада гуйфан, сижун, бэйди, динлин, сюнну (ғұн), хуцзе, юечжи, сайчжун (сақ), усунь сияқты көне этностар мекен етті. Бұл этностар негізінен алтай тілдес тайпалар мен үнді-иран тілдес тайпалар болды. Олардың бір бөлімі грек пен парсының б.з.д. VI ғасырға жататын деректері көрсеткен сақ тайпаларымен байланысы болды. Ғалымдар Қытай деректерінде айтылған тайпалардың қатарындағы Ганьсудың батыс бөлігіне қоныстанған юэчжилерді сақтармен туыстас иран тайпаларының ең шығыстағы бөлігі деп пайымдаған. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған олжалар қатарында аталмыш иран тайпаларының қола дәуірінде Қазақстан мен Сібірде әйгілі Андронов мәдениетін жаратқан андрондықтармен байланыста болғаны туралы айғақтар бар.

Б.з.д. II ғасырдағы сюннулердің (хұн) күшеюі оларды батысқа үркіте бастады. Соның өзінде олардың біраз бөлігі өзінің бұрынғы қонысында, ұлы көш басып өткен аймақтарға қоныстанып қалып отырған. Сөйтіп қоныс аудару олардың бұрынғы қоныстарынан мүлде арылуын білдірмес керек.

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында М.А. Штейн, Ле Гоқ, Глен Ведель, П.Пельо қатарлылардың Шынжаңда жасаған экспедициялық зерттеулері осыған дейін бұл өлкенің тарихын зерттеуде тек көрші елдердің қатысты деректеріне йық сүйеіп келген жағдайға елеулі өзгеріс әкелді. Мұндай өзгеріс аталған ғалымдардың Шынжаңнан тохар, Хотан сақ, карошти, соғды жазбаларын табуына қатысты болды. Бұл құжаттар табылған ғасырдан астам уақытта, дүние жүзі шығыстанушыларын қызықтырып келеді. Қытай елінің аталған құжаттарды зерттеуі елдің бұл аймақтағы ұлттық мүддесінен туындағанымен қатысты зерттеу кешігіп басталды.

1890 жылы ағылшын опицері Бауэр (Н. Bower) Күшәрлік біреуден қайыңтозға жазылған беймәлім жазба құжаттарды сатып алып, артынша оны Үндістанға алып барады. Мамандар құжаттарды зерттей келе осыған дейін табылған ең ескі санскритше құжат деген қорытынды шығарады. Көп өтпей санскрит тілінің маманы Хёрнле бұл құжаттардың тылсым сырын ашты. Себебі Қотан өңірінен табылған карошти жазуымен жазылған біраз құжаттан өзге құжаттар Үнді ғалымдарына таныс брахми жазуымен жазылғандықтан, жазбаларды оқу көп қиындық тудырмады. Зерттеу нәтижесінде құжаттар осыған дейін беймәлім болып келген екі түрлі тілде жазылғаны анықталып, оларды уақытша «беймәлім тіл I» және «беймәлім тіл II» деп атай тұруды ұйғарады. Ғалымдар «беймәлім тіл II» көне «сақ тілі» деген ортақ пікірге келіп, бұл құжаттардың Хотан өңірінен табылуына орай «Хотан сақ тілі» деп атады. Алайда «беймәлім тіл I» төңірегінде туындаған талас аяқсыз қалды. Әдетте бұл тіл «тохар тілі» делінеді. Тохар тілі «тохар А» және «тохар В» деген екі диалектке жіктеледі. Қытай ғалымдары «тохар А» диалекті Яньцзи өңіріне таралуына орай «көне Агни тілі», «тохар В» диалектін Күшар өңіріне таралуына қарап «көне Кушан тілі» деп атауды дәріптеп отыр [1]. Бұдан өзге Крораннан табылған карошти жазуымен жазылған жазбалардың тілі тоқар тілінің үшінші диалекті және юэчжилер де тохар тілінің белгілі бір диалектінде сөйлеген деген пікір бар. Бұл тілдердің жойылу уақты нақтылы емес, IX ғасырдан кейін жойылған деген пікір орныққан.

Сөйтіп, тохар жазбаларының табылуы Еуразия даласында ерте заманғы ұлттарының бөлінуі, қоныстануы мен қоныс аудару бағыттарын анықтауға болған танымды кеңейтті. Себебі Шынжаңнан табылған тохар жазбалары тілін зерттеу кезінде бұл өңірдің үнді-еуропа тілдерінің шығыс тобы (Satem) таралған аймаққа жатқанына қарамастан ондағы үнді-еуропа тілдерінің батыс тобына (Centum) тән ерекшеліктері үстем болып, б.з.д. 1650-1190 жылдар аралығында Анатолидағы хетты тілімен туыстығы анықталды. Осы орайда тохарлар үнді-еуропалық ең байырғы тайпаның бірі, олардың үнді-еуропа тайпаларынан дербес бөлінуі үнді-еуропа тілдері батыс және шығыс топқа жіктелуден бұрын болған деген қорытынды шығарылды¹.

XX-ғасырдың басынан бастап Шынжаңнан табылған өлі тілдердің ішінде түйткілді мәселесі ең көп тіл тохар тілі болды, атап өткеніміздей бұл тіл үнді-еуропа тілдерінің батыс тобына жатуына қарамастан, мұндай тіл тобына жататын халықтар қоныстанған аймақтан мейілінше шалғайдағы шығыстан табылуына байланысты ондағы сақталуға тиіс түбір сөздің көбі танылмастай өзгеруі немесе мүлде жойылып кетуі айтарлықтай қиындық тудырған, ал құжаттардың өте нашар сақталуы жұмысты одан бетер қиындатып жіберген.

Қытайдағы тохар жазбаларының зерттелуінде Цзи Сяньлиньнің 1998 жылы Германияда шыққан «Қытайдың Шынжаң мұражайында сақталған тохар (А) тілінде жазылған «Майтрея самити-натака» атты еңбегін атауға тура келеді. Бұл оның өткен ғасырдың 70 жылдарының соңында Шынжаңдағы мәдени мұраларды басқарушы орындардың тапсырмасы бойынша қолға алған, Тұрпаннан табылған тохар А (Агни тілі) тілінде жазылған «Майтрея самити-натаканы» оқу мен зерттеу туралы берілген тапсырманы орындау мақсатында жасалған зерттеуі болатын. Шынжаң мұражайында сақталған тохар тілінде жазылған «Майтрея самити-натака» атты жәдігер сонау 1974 жылы Яньцзидегі (Қарашәрі) Чикэшин будда мың

¹ Ғалымдар Шынжаңдағы археологиялық жұмыстар кезінде табылған үнді-еуропа тілді халықтар қалдырған мәдениет тохарлардың арғы ата-бабаларымен қатысты деп қарайды. Бұл бойынша б.з.д. 2000 жылдардың басында үнді-еуропа халықтары Тянь-Шань тауының шығыс сілеміне, Тарым ойпатының шығыс бөлігіндегі Кунцюе өзені жағалауларына дейін қоныстанған. Алтай мен Тянь-Шань таулары арасына белгілі болған Керімші мәдениетінің төркіні Каспи мен Қаратөңіздің солтүстігіндегі көне мәдениеттермен байланысты, соған негізделгенде Керімші мәдениеті сол жақтан келген. Үнді-еуропа тілді халықтар Алтай тауларының шығыс сілеміне келгеннен соң онда «Керімші мәдениетін» жаратқан, келесі бір тобы оңтүстікке беттеп Тарым ойпатынан қазірге дейін анықталған Кроран, Синьтала және Ния мәдениеттерін жаратқан (Суэй Уэнкань. Тохарлардың этногенезі мәселелері(Xú wénkān. Tǔ huǒ luó rén qǐyuán yánjiū. Kūnlún chūbǎn shè, 2005).

үйінің сол бөлігіндегі үлкен храм алдындағы күл толтырылған ұрадан табылды. Жалпы көлемі 44 беттен тұратын көне кітап тексті қағаздың екі бетіне брахми жазуымен жазылған. Цзи Сяньлинь аталған жәдігердің «тохар А» тілінде жазылған «Майтрея самити-натака» деген пайымға бірден келді. Кейін ол көне жәдігерді транскрипциялады, аударды және қатысты түсініктемелер жасады, еңбекті атқару кезінде неміс және француз ғалымдары W.Wenter мен J.J.Pinault оған қол ұшын беріп көмектесіп отырды, бұл еңбек қытай ғалымдары тарапынан атқарылған тохартану саласындағы ең ауқымды еңбек болды [2]. Цзи Сяньлинь зерттеуі тохар тілінің қытай мәдениеті мен шетел мәдениеті ара қатынасында атқарған рөлін түсіндіру мен бірге тохар тіліне қытай тілінен келген терминдерді көрсетіп мәдени ауыс-күйістегі нақты болымыстың бетін ашты. Ол «Майтрея самити-натаканың» қытай театр өнеріне тигізген әсерін көрсетіп берді.

Көне Хотан сақ тілі тілдік тобы жағынан үнді-еуропа тілдері жүйесінің иран тілдерінің шығыс тармағына жататын, ұксас мезгілдегі иран тілдерінен әлде қайда көне тіл. Бұл тілде жазылған құжаттар бірінші рет Хотан өңірінен табылғандықтан «Хотан сақ» тілі деп атап келеді². Ондағы брахми жазуымен жазылған құжаттардың көбі VII-X ғасырларға жатады. Қазірге дейін мұндай құжаттар Қашқар дәриясы бойы мен Дунхуаннан да табылды. Бұл өңірдің көне заманда буудизм өркен жайған аймақ болуына байланысты хотан сақ тіліндегі құжаттар көбінесе буудизмге қатысты әдебиеттер, атап айтсақ махаяна буддизм әдебиеттерінің аудармасы немесе қайталанған нұсқалары. Бұл дүниелердің санскрит, қытай, тибет тілдеріндегі көне аудармасының осы күнге дейін сақталуы осынау өлі тілді оқуда айтарлықтай көмектесті. Тек «Замбаста кітабы» (Zambasta), «Жатакастава» (Jatakastava) сияқты шығармалардың өлеңмен жазылуы зерттеушілерге біраз ауыртпалық әкелген.

Хотан сақ тілі таралған аймағына қарай Хотан диалекті, Тұмшұқ диалекті және Юйми диалекті болып үш түрлі диалектке бөлінеді. Соның ішінде Хотан диалекті Хотан дариясының бойына таралған, осы диалектте жазылған құжаттар саны ең көп, тек ғана Хотан мен Дунхуаннан табылған мұндай әдебиеттер саны мыңдап кездеседі. Жоғарыда айтылғандай бұл құжаттардың негізгі мазмұны Махаяна буддизміне қатысты әдебиеттер болып келеді, бұдан өзге әдеби туындылар, хан жарлықтары, тоқтамдар, тұрғындарды тіркеу құжаттары сияқты мазмұндағы құжаттар да бар. Юйми тілі Хотан мемлекетінің көршісі ерте заманғы Юйми мемлекеті тұрғындары қолданған тіл. Бұл тіл Хотанның шығысындағы Керия өзені атырабына таралған. Юйми тіліндегі екі құжатты өз кезінде М.А. Штейн Керия өзенінің батыс жағалауынан тапқан. Хотан сақ тілінің келесі диалектінде жазылған құжаттар Қашқар дәриясының төменгі бойындағы Тоғызсарай мен Тұмшұқ (Tumshuq) қалаларының ескі жұртынан табылған. Ағылшын ғалымы Р.Э. Еммерик (R.E. Emmerick) бұл тілді құжаттар табылған жердің атымен «Тұмшұқ тілі» деп атаған болатын. Алайда Қытай ғалымдары соңғы уақытта өз тұрғысынан ат қойып жүр. Мысалы Линь Мэйцунь оны «Шүлэ тілі» тілі деп атауды [3], Жун Синьцзянь «Цзюй ши дә тілі» деп атауды жолға қойған [4].

Қытай ғалымдары Хотан сақ жазбаларын пайдалануда шетел ғалымдары еңбегіне жүгініп келеді [5]. Себебі қытайда Хотан сақ жазбалары туралы зерттеу неізінен алғанда құжаттардың табылу барысы, сақталған нұсқалары мен зерттелу жағдайын таныстыруға арналған мақалалармен шектелген [6]. Құжаттарды арнаулы зерттеу тек соңғы уақытта ғана жасалды. Мұнда Линь Мэйцун Шүлэден табылған буддалық әдебиеттерді зерттеді [7].

Біздің жыл санауымызға дейінгі және одан кейінгі ғасырлар қойнауында батыс пен шығыс мәдениетінің тоғысуы саудагерлер мен миссионерлердің қимылдарымен тығыз

² Хотан сақ тілінде жазылған құжаттарды бірінші болып E.Leumann жариялады. Ол бұл тілді «солтүстік ари» (nord-arisch) тілі деп атап, фонетикалық жақта иран тілімен туыстығы мен сөздік қорында үнді тілінен кіріккен көп мөлшердегі терминдердің сақталуына қарамай, оны иран тілдеріне де, үнді тіліне де жатпайды деп қарады. Кейін Норвегия ғалымы Стен Конов (S. Kopow) аталған тілдің иран тілдерінің бірі екендігін тиянақты дәлелдеп, б.з.д I ғасырда Үндістанда билік жүргізген сақтардың тілімен туыстық қатынасы болғанын көрсетті, мұны неміс ғалымы Х. Людерс те дәлелдеді.

байланысты болды. Сөйтіп Ортаазиялық байырғы тілдердің ішінде гандхар, соғды, және бактрия тілдері аталған кезеңде жібек жолындағы халықаралық сауда тілі мәртебесіне ие болды. Сөйтіп, Ұлы жібек жолының халықаралық сауда қатынасында халықаралық тіл міндетін бір мезгіл гандхар тілі атқарды³. Үнді-еуропа тіл жүйесінің үнді-ари диалектіндегі бұл тілде жазылған құжаттар арамей жазуының өзгеріске түскен түрі болған карошти жазуымен жазылған. Бұл жазу б.з.д. III ғасырда Индияда Ашока Маурье дәуіріне тән жазбалар арқылы таныс болатын. Кейін Ортаазиядағы Кушан империясында қолданыста болып аталған аймақта кең таралды. II ғасырдан кейін гандхар тілі Шынжаңдағы Қашқар, Хотан, Кушан қатарлы елдердің ресми тілі болды, көп өтпей бұл елдер өз тілдерін брахми жазуымен жазып қолдана бастады, тек Крорандықтар ғана оны IV ғасырдың соңына дейін қолданды.

Карошти жазбалары осыдан бір ғасыр уақыт бұрын Шынжаңдағы Ниядан табылуы әлемдік ғылымдағы елеулі уақиға ретінде тіркеліп, тіл ғылымы мен тарих ғылымын зерттеуде өте-мөте маңызды болды. Тарих ғылымы үшін ол көне Үнді-еуропа тілді халықтардың қоныс аударуы мен қоныстануын айқындайтын тың дерек көзі болды. Оның Шынжаңнан табылуы қытай деректеріндегі қатысты деректер арқылы анықтаудың мүмкіндігі жоқ тарихи мәселелерді шешу мен тарихтың шынайы келбетін көрсетуге мүмкіндік берді. Атап айтқанда Такламәкән шөліндегі шұраттарда құрылған көне қалалық мемлекеттердің нақты болымысы мен кескін-келбетін тек ғана осы құжаттарды зерттеу арқылы білудің мүмкіндігі туды.

XX ғасырдың 50-жылдардың басы мен 80-жылдардың басында қытай археологтары Ния мен Крораннан жаңа археологиялық олжалар тапты, бұл ғалымдардың Шаньшань мен Кроранды зерттеуіне түркі болды. Қытай ғалымдарының карошти жазбаларына қатысты зерттеуі 80 жылдары жазылған екі мақаламен қатысты болды. Оның бірі «Шынжаңнан табылған карошти жазбаларының дәуірін анықтау мәселесі, сондай-ақ Кроранның көне жұрты және Вэй-Цзинь династиясы дәуіріндегі Шаньшань аймағы» деп аталса, екіншісі «Ерте замандағы Шаньшань, Хотан өңіріндегі карошти жазба құжаттары» деп аталды [8].

Осы жылдары табылған археологиялық олжалар мен қытайша тақтайшаларды реттеп, оны зерттеуді Хоу Цань қолға алды, оның зерттеулері кейін келе бір еңбекке жинақталып «Гаучан-Шаньшань туралы зерттеу мақалалар жинағы» деген атпен баспадан шықты [9]. Деседе қытайда карошти жазбаларын бірінші болып Линь Мицунь оқыды және оның қатысты түсініктемелерін жазды. Оның «Лоулан мен Ниядан табылған жазбалар» деген еңбегі 1985 жылы Пекинде жарық көрді [10]. Карошти жазбаларын оқу мен зерттеуге арналған еңбек «Шөл жазирадағы байырғы кітап – Қытайдан табылған карошти жазбалары (алғашқы жинақ)» [11] атты кітап 1988 жылы баспадан шықты. Еңбек мазмұнына шетелдерде осыған дейін аударылған карошти жазбаларынан 588 құжатты енгізіп, оларды қытайша аударып, транскрипциялады және түсініктеме жазды. Жазба мазмұны хан жарлықтары, тұрғындарды тіркеу құжаты мен хаттар болып, орналасу тәртібі осыған дейінгі қатысты зерттеулерде көрсетілген тізім бойынша түзілді [12]. Линь Мицунның бұл еңбегі Қытай елінде Ағылшын ғалымы Т. Барроу еңбегіне [13] ғана жүгінетін жағдайды өзгертті. Линь Мэйцун мен Т. Барроу еңбегін салыстырғанда олардың әр қайсысының өзіне тән артықшылығының болуы, бір ғана мәселе бойынша бір-бірін толықтыруға мүмкіндік берді. Ол тағы бірнеше жаңадан табылған карошти құжаттарын оқыды және осы негізде қатысты зерттеулерін жасады [14].

Линь Мэйцунның карошти жазбаларына қатысты зерттеулері 90 жылдары онан әрі жалғасты. «Шынжаңдағы Ниядан табылған карошти жазуымен жазылған тоқтамдар туралы»,

³ Қазірге дейін Қашқар дариясының төменгі бойындағы Тоғұзсарай қирандысынан, Субашы қирандысынан, Хотан аймағынан, Шаньшань аумағындағы Андір, Ния, Кргоран, Миран қатарлы байырғы қалалар жұртынан және Тұрпан, Дуньхуан, Чан-ан, Лоян қатарлы жерлердің бәрінен карошти жазуымен жазылған көне жазбалар, құжаттар мен құлыптастардың табылуының өзі бұл тілдің өз дәуіріндегі батыс пен шығыс қарым-қатынасындағы орнын көрсетеді.

«Крораннан жаңадан табылған Шығыс Хан патшалығы дәуіріне тән карошти жазбалары», «Хотаннан табылған қытайша, кароштиша құжат», «Карошти жазбалары және қытайша, кароштиша екі тілде жазу жазылған монетаға жазылған Хотан ханы», «Тағы да екі тілді монеталар туралы», «Карошти жазуы заманындағы Шаньшань хандарының генологиясы» [15], «Ниядағы оңтүстік қала қорғаны сыртынан табылған № 96A07 үйдің жұртынан табылған кароштиша құжат», «Шынжаңдағы Инпан көне молаларынан табылған бір парша кароштиша хат» [16] деген мақалалар жариялады.

Карошти жазуының өткен ғасырдың 90 жылдарындағы қытайдағы зерттеу жетістігі ретінде археолог Мэн Фаньжэньнің «Кроранның жаңа тарихы» [17] «Кроран мен Шаньшаньнен табылған ағаш тақтайшалардың хронологиясы туралы зерттеулер» [18] деген монографиясы бағаланып келеді. Автор карошти жазбаларында сақталған айғақтарды ұқсас дәуірге жататын қытайша құжаттармен салыстыра отырып зерттеп карошти жазбаларының хронологиясын анықтауда біраз жетістікке жетті. Оның тақырыпқа қатысты бір бөлім зерттеуі «Кроран мәдениеті туралы зерттеулер жинағы» атты кітаптан орын алды [19]. Бұдан өзге 1988-1997 жылдары аралығында Нияға жасалған Қытай-Жапон бірлескен экспедициялық зерттеуі нәтижесі көптеген жаңа мұраларды және сол мұралар көрсеткен мәселелердің бетін ашты [20].

Осы ғасырда қытайда жүргізілген елеулі зерттеудің бірі болған Лю Вэньсо зерттеуі «Шөл жазирадағы байырғы кітапқа түсініктеме» [21] деп аталды. Алдыңғылар зерттеуі негізінде жүргізілген бұл еңбектің қорытынды бөлімінде атвор өзі көрсеткендей зерттеу Линь Мэйцун еңбегі негізінде жүргізілді және оның заңды жалғасы деуге тура келеді. Солай дегенмен айтулы еңбек көп жылдық археологиялық қазба жұмыстарын жасау мен құжаттарды ұзақ жыл бойы зерттеу нәтижесінде жазылған. Гандхара тілінің Ния диалектінде жазылған бұл құжаттар аталған аймақтың III ғасырдың орта шенінен IV ғасырдың орта шеніне дейінгі мезгіліндегі қоғамдық келбетін көрсеткен нақты дерек көзі саналады. Лю Вэньсо осы құжаттарды зерттеу нәтижесінде Ния көкалындағы байырғы мемлекеттің қоғамдық өмірінің шынайы бейнесін көрсетіп берді, атап көрсетер болсақ аталған елдің саяси жүйесі, заң-түзімдері, салық жүйесі, тұрғындарды тіркеу, түрлі келісім шарттар, діни наным-сенімдері, күн тізбесі, отбасы және неке, түрлі өлшем бірліктер сияқты мазмұндарға тоқталды. Соның ішінде көгалдық аймақтағы осынау қалалық мемлекеттің мемлекеттік жүйесі туралы ізденісі ерте заманғы мемлекеттің қалыптасуы мен даму барысының беймәлім тұстарын анықтауда маңызды болады. Себебі бір ғана Нияны зерттеу арқылы Такламәкән құмының астына көміліп қалған басқа да байырғы көкалдық аймақтардағы мемлекеттердің жалпы тарихи жағдайын анықтауға жол ашылады. Қытай жылнамаларының қатысты мәліметтерінің мұндай мүмкіндігі жоқ. Автор еңбек соңына «12 мүшелдік жыл қайырудың таралу жолдары және Қытай мен Батыс мәдени байланыстарының медиясы мәселесі» деген мақала мен қосымша ретінде Т. Барроу еңбегін қытайшаға аударып бірге ұсынған [22]. Өткен ғасырдың соңы мен осы ғасырдың басында Ли Мэйцун «Гандхар тіліндегі құжаттарға географиялық зерттеу», «Гандхар тіліндегі әдебиет және ерте заманғы Қытай-Үнді арасындағы мәдени қатынастар», «Ле Гоқ дерек қорындағы бес Гандхар тіліндегі құжат» деген мақалаларды жазды [23].

Ұлы жібек жолында халықаралық тіл мәртебесінде көп ғасыр қолданыста болған тілдің бірі соғды тілі болғаны белгілі. Қазіргі қолда бар соғды жазбаларының ең ерте хатталған нұсқасы Дунхуан өңірінен табылған құжат, бұл құжаттар IV ғасырдың басында Лоянда тұратын соғдылар мен үнділердің ашаршылықтан қырылғаны туралы мәліметтер сақталған 8 парақ хаттан тұрады. М.А. Штейн Кроран мен Хотан арасындағы байырғы қала жұрттарынан тапқан құжаттардың басым көп сандысы саудаға қатысты құжаттар есебінде. Ал Дуньхуаннан табылған құжаттардың көбі будда әдебиеттері, соның ішінде Тұрпаннан табылған құжаттардың қамтитын мазмұны ауқымды, онда буддизм, монахизм мен несториандық діни әдебиеттер, сауда тоқтамдары бар. Бүгінге дейін соғдылар қалдырған

жазба мұралар жібек жолының барлық тармақтарынан кездесіп отыр. Тажікстандағы Муг тауынан, Индиядан, Оңтүстік Сібір мен Моңғолиядан, Іле аңғарынан түрлі жазбалар, тасқа жазылған жазулар мен балбалдар табылды. Соғдылық несториандар сирия жазуын қолданғанын Гаучаннан табылған сирия жазуымен жазылған несториан әдебиеттері дәлелдейді. Несториан соғдылар жазған мұндай жазбалар Кашмирден де табылды.

Қазірге дейін қытай ғалымдары игеруге жол тартып жүрген соғды жазбаларының көпшілік бөлімі Мүг, Тұрпан және Дуньхуаньнан табылған құжаттар, ондай құжаттар мазмұны VIII-XI ғасыр көлемінде жатады. Қытай ғалымдары құжаттарды зерттеуде шетел ғалымдарының осыған дейін жасаған аудармалары мен зерттеулерін негіз етіп отыр.

Сондай зерттеуден Хуан Чжэнхуаның «Соғды жазуы және соғды жазбалары» [24], Гон Фанчжэньнің «Соғды жазуы» [25] деген сияқты соғды жазуы мен соғды жазбалары туралы арнаулы тоқталған мақалалары бар. Ибраһим Мүтидің «Ортаазиядағы үш негізгі ұлт және олардың жазуы» деген еңбегінде соғды тарихы туралы, соғды тілі бастан кешкен тарихи өзгерістер туралы тоқталған. Бұл мазмұнды қайталаған ебекті Ван Шукай «Соғды әліппий және ұйғыр жазуының таралуы» деген тақырыпта жазды [26].

Қытай авторларының соғды жазбаларына болған мәтінтанулық зерттеуі М.А. Штейн Дунхуаннан тапқан № 2 хат мәтініне жасалды. Ван Ицин құжатты қытайшаға аударды [27]. Құжаттың жазылған уақытын Чэнь Гошань 313 жыл жазылған деген қорытынды шығарған еді, Линь Мэйцунь 202 жылы жазылған деген пікірді ортаға қойды [28]. Мүг тауынан табылған құжаттарға қатысты Ма Сяохэ 1984 жылы өзінің «VIII ғасырдың бастапқы кезіндегі Соғды – Муг тауы жазбалары туралы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуінде VIII ғасырдың бастапқы кезеңіне жататын соғды және араб тіліндегі құжаттарды аударып осы құжаттар негізде аталған кезеңдегі Пенджикент билеушісінің жағдайын, арабтардың Ортаазиядағы ықпалын жан-жақты баяндаған [29].

Жапон елінің танымал ғалымдары Шынжаң мұражайымен бірлесе отырып «Цзюй әулетті билеуіндегі Қочо мемлекеті дәуіріндегі соғды жазуымен жазылған күң саудасына қатысты құжат» атты еңбек жариялап, 1969 жылы Тұрпандағы Астана қорымынан табылған Соғды жазуымен жазылған күң сатып алуға қатысты келісім шартты оқып жария етті [30]. Қытай ғалымы Линь Мэйцуннің Жапон ғалымдары жетістігіне сүйене отырып жазған «Соғды жазуымен жазылған күң сатып алуға қатысты құжат және Жібек жолы бойындағы күң саудасы» [31] деген тақырыппен жазған еңбегінде аталған құжатта сөз болған «күң саудасы» осыған дейін Ортаазиядан келіп Тұрпанға қоныстанған соғды мен жуырда Шаш елінен келген келесі бір соғда арасында болғанын мәтіндік зерттеу бойынша анықтады. Сонымен қатар ол Соғды қыздарын қытайға жөнелту бірінші ғасырдың соңынан басталған, Қытайдың Шығыс Хань патшалығы дәуірінде қытай астанасы Чан-ань қаласына, одан әрі Лоян қалаларына дейін жеткен соғды саудагерлері соғдының сұлу бишілерін Хань патшалығының шонжарларына, Лояндағы шарапханаларға сата бастаған деген жорамал айтады. Линь Мэйцун «Бугуттен табылған соғды жазуымен жазылған түркі қағанының ерлігі жазылған ескерткіш» деген мақаласында ескерткіш мәтінінде кездесетін тұлғаларды қытай деректерінен іздестірген және ескерткіш авторы түркі елінде мансапқа тағайындалған соғды азаматы деген болжам ұсынған [32].

Жібек жолы тарихында бір кездері халықаралық тіл мәртебесін алған келесі бір тіл бактрия тілі болып табылады. Бактрия тіліндегі бұл құжаттар Грек әлпиімен жазылған. Мұндай құжаттардың жекелеген бөлшегі өткен ғасырдың басында Крораннан табылды, ал грек жазуымен жазылған бактрия тіліндегі буддизм мен монахизмдік әдебиеттер Тұрпаннан табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Гин Шимин. Тохарлар және олардың тілі // Минь цзу уэй уэнь, № 6, 2004 (Gěng Shímín. Tǔhuǒluó rén jí qí yǔyán // Mínzú yǔwén. 2004 nián dì 6 qī).

2. Ji Xiànlín. Zhōngguó xīnjiāng bówùguǎn cáng tǔ huǒ luó yǔ (A) «Mílè huìjiàn jì» // Fragments of the Tocharian A Maitreyasamiti-Nataka of the Xinjiang Museum, China. Transliterated, translated and annotated by Ji Xianlin, in collaboration with Werner Winter and Georges-Jean Pinault, Mouton de Gruyter, Berlin and New York, 1998.

3. Шу лэ тілі // Дәстүрлі мәдениет және модернизация. № 4, 1995 (Shū lēi yǔ kǎo // Chuántǒng wénhuà yǔ xiàndàihuà. 1995 nián dì 4 qī.

4. Жун Синьцзянь. Цзюй ши дэ тілі // Ортаазия журналы. 5 том, 1996 (Róng Xīnjiāng. Jù shǐ déyǔ kǎo // Zhōng yà xué kān. 5 juǎn, 1996).

5. Х. Бейли (H. Bailey), С. Конов (S. Konow), Р. Эммерих (R. E. Emmerick), М. Дрезден (M. Dresden), Э. П. Асмуссен (E.P. Asmussen), Р.Еммерик (R. Emmerick), В. С. Воробьев Десятовский (V.S.Vorob'ev-Desyatovskiy), М. Водробьева Десятовская (M. Vorob'eva-Desyatovskaya) қатарлы ғалымдарды атауға болады.

6. Гэн Шимин. Ерте заманғы Хотан тіліндегі құжаттар // Синьцзянь әдебиеті мен тарихына қатысты мақалалар. Пекин, 2001 (Gěng Shìmín. Gǔdài Hétían yǔ wénxiàn // Xīnjiāng wénshǐ lùnjí. Běijīng, 2001); Линь Мэйцун. Шынжаңдағы Хотаннан табылған қытайша және хотанша екі тілде жазылған құжат // Археология. № 1, 1993 (Lín Méicūn. Xīnjiāng Hétían chūtǔ hàn wén Yútían wén shuāngyǔ wénshū // Kǎogǔ xuébào. 1993 nián dì 1 qī).

7. Шу лэ тіліндегі «Карма сделал Сутра» ғибратнамасы кітабының қалдықтары // Синь Цзян мұралары. № 1, 1995 (Shū lēi yǔ «Jiémó yán jīng» jiè běn cán juàn yánjiū // Xīnjiāng wénwù. 1995 nián dì 1 qī).

8. Mǎ Yōng. Xīnjiāng suǒ chū qū lú wénshū de duàndài wèntí — jiān lùn lóulán yízhǐ hé wèijìn shíqí de shànshànjùn // Wénshǐ. 1980 nián dì 7 jì; Mǎ Yōng. Gǔdài Shànshàn, Yútían dìqū qūlú wénzì zīliào Zōng kǎo // Zhōngguó mínzú gǔwénzì yánjiū huì biān: Zhōngguó mínzú gǔwénzì yánjiū. Běijīng: Zhōngguó shèhuì kēxué chūbǎn shè, 1984 nián.

9. Hóu Càn. Gāochāng lóulán yánjiū lùn jí. Wūlǔmùqí: Xīnjiāng rénmin chūbǎn shè. 1990 nian.

10. Lín Méicūn. Lóulán Niyǎ chūtǔ wénshū. Běijīng: Wénwù chūbǎn shè, 1985 nián.

11. Lín Méicūn. Shā hǎi gǔ juǎn — Zhōngguó suǒ chū qū lú wénshū (chū jí). Wénwù chūbǎn shè, 1988 nian.

12. A.M. Boyer, E. Senart, P.S. Noble. Ancient Khotan, "Introduction" vol II, p.xii; Kharosthi inscriptions discovered by Sir Aurel Stein in Chinese Turkestan, transcr. and ed. by A. M. Boyer, E. J. Rapson, E. Senart and P.S. Noble, Oxford at the Clarendon Press, 1920-29.

13. T. Burrow, A Translation of the Kharosthi Documents from Chinese Turkestan, (London: The Royal Asiatic Society, 1940.

14. Бұл туралы төмендегі Линь Мэйцун еңбектеріне қараңыз: Сиюй өркениеті (Xīyù wénmíng. Běijīng, 1995); Хань-Тан династиясы дәуіріндегі Сиюй және Қытай өркениеті (Hàn Táng Xīyù yǔ zhōngguó wénmíng. Běijīng, 1998); Байырғы жібек жолындағы жаңа көрініс – Жаңадан табылған археологиялық олжалардан мәлім болған Қытай мен батыс елдері мәдениет қарым-қатнастары (Gǔdào xīnfēng – kǎogǔ xīn fāxiàn suǒ jiàn Zhōng Xī wénhuà jiāoliú. Běijīng, 2000).

15. Xīnjiāng Niyǎ fāxiàn de qū lú wén qīyūē; Xīnjiāng Lóulán xīn fāxiàn de dōnghàn qū lú wén kǎoshì; Xīnjiāng Hétían chūtǔ hàn wén-qū lú wénshū bá; Qūlú wénshū jí hàn qū èr tǐ qián suǒ jì yú Yú tián wáng kǎo; Zài lùn hàn qū èr tǐ qián; Qūlú wén shídài Shànshàn wángcháo de shìxì yánjiū т.б. Аталған Мақалалар әуелі түрлі басылымда жарияланып кейін «Сиюй өркениеті – Археология, этнология, тіл және дін туралы жаңа зерттеулер» («Xīyù wénmíng – kǎogǔ, mínzú, yǔyán hé zōngjiào xīn lùn». Běijīng: Dōngfāng chūbǎn shè, 1995) деген монографияға жинақталды.

16. Niyǎ nánchéng wài 96A07 fāng zhǐ chūtǔ qū lú wén // Xīyù yánjiū. 2000 nián dì 3 qī; Xīnjiāng yíngpán gǔ mù chūtǔ de yī fēng qū lú wénshū xìn // Xīyù yánjiū. 2001 nián dì 3 qī.

17. Mèng Fánrén. Lóulán xīn shǐ. Běijīng, 1995.

18. Mèng Fánrén. Lóulán yǔ shànshànjiǎn dú niándài xué yánjiū. Wūlǔmùqí: Xīnjiāng rénmin chūbǎn shè, 1995 nián.
19. Lóulán wénhuà yánjiū lùnwén jí. Wūlǔmùqí: Xīnjiāng rénmin chūbǎn shè, 1995 nián.
20. Қытай-Жапон, Жапон-Қытай Ния жұртына бірлікте жасаған ғылыми экспедициясы мәліметтері, I-II т. 1996-1999 жж., бейресми басылым (Zhōng Rì-Rì Zhōng gòngtóng Níyǎ yíjī xuéshù diàochá bàogào shū (yī), (èr). Gòngtóng Níyǎ yíjī xuéshù diàochá duì biān).
21. Liú Wénsuǒ. Shā hǎi gǔ juǎn shì gǎo. Běijīng: Zhōnghuá shūjú, 2007 nián).
22. T. Burrow. Further Kharoṣṭhi Documents from Niya. *Bulletin of the School of Oriental Studies, University of London* Vol. 9, No. 1 (1937).
23. Lín Méicūn. Jiān tuó luó yǔwén shū dìlǐ kǎo // Chuántǒng wénhuà yǔ xiàndàihuà, 1997 nián dì 6 qī; Lín Méicūn. Jiāntuóluó yǔwén xué yǔ gǔdài zhōng yìn wénhuà jiāoliú // Zhōngguó wénhuà. 17-18 qī hé kān, 2001 nián; Lē Kēkè shōují pǐn zhōng de wǔ jiàn Jiāntuóluó yǔwén shū // Xīyù yánjiū. 2004 nián dì 3 qī).
24. Huáng Zhènghuá. Sùtè wén jí qí wénxiàn // Zhōngguó shǐ yánjiū dòngtài. 1981 nián dì 9 qī.
25. Gōng Fāngzhèn. Sùtè wén // Zhōngguó mínzú gǔwénzì tú lù. Zhōngguó shèhuì kēxué chūbǎn shè, 1990 nián.
26. Yībùlāyīn Mùtíyī. Zhōngyà dìqū de sān gè zhòngyào mínzú jí qí yǔyán // Xīnjiāng lishǐ lùnwén xùjí. Wūlǔmùqí: Xīnjiāng rénmin chūbǎn shè, 1982 nián; Wángshūkǎi. Qiǎn lùn Sùtè zìmǔ de chuánbò yǔ huíhú wén de chuánbò // Dūnhuáng xué jì kān. 1984 nián dì 1 qī.
27. Wáng Jìqīng. Sītǎnyīn suǒ huò sùtè wén 'èr hào xìn'yìzhù // Xīběi shǐ dì. 1986 nián dì 1 qī.
28. Chén Guócàn. Dūnhuáng suǒ chū sù tè wén xìnzhá de shūxiě dìdiǎn hé shíjiān wèntí // Wèi jìn nán běi cháo suí táng shǐ zīliào. 1985 nián dì 7 qī; Lín Méicūn. Dūnhuáng chūtǔ sù tè wén gǔ shūxìn de duàndài wèntí // Zhōngguó shǐ yánjiū» 1986 nián dì 1 qī.
29. Mǎ Xiǎohè. Gōngyuán 8 shìjì chū nián de sùtè – ruògān Mùgé shān wénshū de yánjiū // Zhōng yà xué kān. 1990 nián dì 3 jì.
30. Yutaka Yoshida, Moriyasu Takao. Qú shì gāochāng guó shídài sùtè wén mǎimài nǚ nǚlì wénshū // Xīnjiāng wénwù. 1993 nián dì 4 qī.
31. Lín Méicūn. Sù tè wén mǎi bì qí yǔ sīchóu zhīlù shàng de nǚnú màoyì // Wénwù. 1992 nián dì 9 qī.
32. Lín méicūn. Bù gǔ tè suǒ chū sù tè wén tǔjué kè hán jì gōng bēi kǎo // Mínzú yánjiū. 1994 nián dì 2 qī.

References

- Geng, Shimin. (2004). *Tuholuo ren ji qi yuyan* [The Tocharians and Their Language]. Minzu Yuwen, 6.
- Ji, Xianlin. (1998). *Fragments of the Tocharian A Maitreyasamiti-Nataka of the Xinjiang Museum, China: Maitreya Meeting Record*. Berlin & New York: Mouton de Gruyter.
- Shu lei yu kao [A Study of the Shule Language]. (1995). *Chuántǒng Wénhuà yǔ Xiàndàihuà*, 4.
- Rong, Xinjiang. (1996). *Ju shi deyu kao*. Zhong Ya Xue Kan, 5.
- Bailey, H. W.; Konow, S.; Emmerick, R. E.; Dresden, M.; Asmussen, E. P.; Vorob'ev-Desyatovskiy, V. S.; & Vorob'eva-Desyatovskaya, M. (Various works on Khotanese and Central Asian Iranian studies).
- Geng, Shimin. (2001). *Gudai Hetian yu wenxian* [Ancient Khotanese Documents]. In *Xinjiang Wenshi Lunji*. Beijing.
- Shu le yu "Jiemo Yanjing" jieben canjuan yanjiu [Study of Fragments of the Shule-language Karmaśataka Text]. (1995). *Xinjiang Wenwu*, 1.
- Ma, Yong. (1980). *Xinjiang suo chu Qulu wenshu de duandai wenti—jian lun Loulan yizhi he Weijin shiqi de Shanshanjun*. Wenshi, 7.
- Hou, Can. (1990). *Gaochang Loulan Yanjiu Lunji*. Urumqi: Xinjiang Renmin Chubanshe.

- Lin, Meicun. (1985). *Loulan Niya Chutu Wenshu*. Beijing: Wenwu Chubanshe.
- Lin, Meicun. (1988). *Shahai Gujuan: Zhongguo Suo Chu Qulu Wenshu (Chuji)*. Beijing: Wenwu Chubanshe.
- Boyer, A. M., Senart, E., & Noble, P. S. (1920–1929). *Ancient Khotan*. Vol. II. Oxford: Clarendon Press.
- Burrow, T. (1940). *A Translation of the Kharosthi Documents from Chinese Turkestan*. London: Royal Asiatic Society.
- Lin, Meicun. (1995). *Xiyu Wenming*. Beijing.
- Lin, Meicun. (1995). *Xiyu Wenming: Kaogu, Minzu, Yuyan he Zongjiao Xinlun*. Beijing: Dongfang Chubanshe.
- Niya Nanchengwai 96A07 Fangzhi Chutu Qulu Wen. (2000). *Xiyu Yanjiu*, 3.
- Meng, Fanren. (1995). *Loulan Xinshi*. Beijing.
- Meng, Fanren. (1995). *Loulan yu Shanshan Jiandu Niandaixue Yanjiu*. Urumqi: Xinjiang Renmin Chubanshe.
- Loulan Wenhua Yanjiu Lunwenji*. (1995). Urumqi: Xinjiang Renmin Chubanshe.
- Zhong-Ri, Ri-Zhong Gongtong Niya Yiji Xueshu Diaocha Baogaoshu*. (1996–1999). Vols. I–II. Joint Chinese-Japanese Niya Archaeological Expedition Report.
- Liu, Wensuo. (2007). *Shahai Gujuan Shigao*. Beijing: Zhonghua Shuju.
- Burrow, T. (1937). Further Kharoṣṭhi Documents from Niya. *Bulletin of the School of Oriental Studies, University of London*, 9(1).
- Lin, Meicun. (1997). *Jiantuoluo Yuwen Shu Dili Kao. Chuántǒng Wénhuà yǔ Xiàndàihuà*, 6.
- Huang, Zhenhua. (1981). *Sute Wen ji Qi Wenxian. Zhongguo Shi Yanjiu Dongtai*, 9.
- Gong, Fangzhen. (1990). *Sute Wen*. In *Zhongguo Minzu Guwenzi Tulu*. Beijing: Zhongguo Shehui Kexue Chubanshe.
- Yibulayin Mutiyi. (1982). *Zhongya Diqu de San Ge Zhongyao Minzu Ji Qi Yuyan*. In *Xinjiang Lishi Lunwen Xuji*. Urumqi: Xinjiang Renmin Chubanshe.
- Wang, Jiqing. (1986). *Sitanyin Suohuo Sute Wen “Er Hao Xin” Yizhu. Xibei Shidi*, 1.
- Chen, Guocan. (1985). *Dunhuang Suochu Sute Wen Xinzha de Shuxie Didian he Shijian Wenti. Wei Jin Nanbei Chao Sui Tang Shi Ziliao*, 7; Lin, Meicun. (1986). *Dunhuang Chutu Sute Wen Gu Shuxin de Duandai Wenti. Zhongguo Shi Yanjiu*, 1.
- Ma, Xiaohe. (1990). *Gongyuan 8 Shiji Chu Nian de Sute—Ruogan Muge Shan Wenshu de Yanjiu. Zhong Ya Xue Kan*, 3.
- Yoshida, Y., & Moriyasu, T. (1993). *Qu Shi Gaochang Guo Shidai Sute Wen Maimai Nü Nuli Wenshu. Xinjiang Wenwu*, 4.
- Lin, Meicun. (1992). *Sute Wen Mai Biqi yu Sichou Zhilu Shang de Nünu Maoyi. Wenwu*, 9.
- Lin, Meicun. (1994). *Bugute Suo Chu Sute Wen Tujue Kehan Jigong Bei Kao. Minzu Yanjiu*, 2.

МАЗМҰНЫ

Абдулина А.Т. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ТҰРМЫСЫ	8
Атығаев Н.А. БИЛІКТІҢ КЕЙБІР СИМВОЛДАРЫ ТУРАЛЫ (ТАҚ ПЕН ТӘЖ: МОҢҒОЛ ИМПЕРИЯСЫНАН ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА ДЕЙІН)	14
Атығаев Н.А. «ТАРИХ-И АЛФИ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЖАЙЫНДА	33
Жеңіс Ж. ВИЗАНТИЯ ИМПЕРИЯСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІЛЕР: ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ КҮРЕС	39
Жұбанышов Б.Т., Қаипбаева А.Т. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ СЫР ӨңІРІН ОТАРЛАУДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ	45
Жүнісбаев А. САНЖАР АСФЕНДИАРОВ – ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТҰҢҒЫШ РЕКТОРЫ (1928-1931 ЖЖ.) (қайраткердің 125-жылдық мерейтойына орай)	49
Жылқышыбаева Қ.Қ., Қаипбаева А.Т. КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ КӨТЕРІЛІСІНІҢ РЕСЕЙ ҒАЛЫМДАРЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ (XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫ)	64
Ксенжик Г.Н. ҚР ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР	76
Қаипбаева А.Т., Бурханов Б.Б. ІЛИЯС ОМАРОВТЫҢ 1941-45 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЕҢБЕК МАЙДАНЫНДАҒЫ ЕСЕЛІ ЕҢБЕГІ	83
Несіпбаева Ж.Ж. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫНЫҢ ШЕТЕЛДІК ТАРИХНАМАСЫ: АҚИҚАТ ПЕН АДАСУШЫЛЫҚ ШЕКАРАЛАРЫ	90
Нұрманова А.К. ҚАЗАҚ ӨЛКЕСІН ЗЕРТТЕУ ҚОҒАМЫНЫҢ ОРАЛ БӨЛІМШЕСІ ҒЫЛЫМИ-ӨЛКЕТАНУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ	96
Ошан Ж. ҚЫТАЙ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ҮНДІ-ЕУРОПА ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ОРТААЗИЯЛЫҚ КӨНЕ ЖАЗБА ҚҰЖАТТАР ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	106
Ошан Ж. ҚЫТАЙ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ «МОҢҒОЛДЫҢ ҚҰПИЯ ШЕЖІРЕСІ» ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	116
Өскембаева Г.Ж. ҚОСТАНАЙ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.)	122
Смағұлова С.О. АҚТӨБЕ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.)	137
Раисов Қ.Д., Қаипбаева А.Т. АБАЙДЫҢ ТОЛЫҚ АДАМ ИДЕЯСЫНЫҢ ГУМАНИСТІК МӘНІ	154
Торланбаева К.У. ОҚИҒАЛАР МЕН ТҰЛҒАЛАР: ШЫҒЫС ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНЫҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ	161

Төлебаев Т.Ә.

П.Г. ГАЛУЗО ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ КАПИТАЛИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
ТУРАЛЫ 170

Шашаев Ә.К.

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ
ТАРИХЫНАН 180

СОДЕРЖАНИЕ

Абдулина А.Т. КУЛЬТУРА И БЫТ КАЗАХСКИХ РАБОЧИХ В ПОСЛЕВОЕННЫЙ ПЕРИОД	8
Атыгаев Н.А. О НЕКОТОРЫХ СИМВОЛАХ ВЛАСТИ (ТРОН И КОРОНА: ОТ МОНГОЛЬСКОЙ ИМПЕРИИ К КАЗАХСКОМУ ХАНСТВУ)	14
Атыгаев Н.А. О ЦЕННОСТИ СВЕДЕНИЙ СОЧИНЕНИЯ «ТАРИХ-И АЛФИ» В ИССЛЕДОВАНИИ ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА	33
Женис Ж. ВИЗАНТИЙСКАЯ ИМПЕРИЯ И ТЮРКИ: ИДЕОЛОГИЧЕСКАЯ БОРЬБА	39
Жубанышов Б.Т., Каипбаева А.Т. СТРАТЕГИЧЕСКИЕ ЦЕЛИ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В КОЛОНИЗАЦИИ СЫРДАРЬИНСКОГО РЕГИОНА	45
Жунисбаев А. САНЖАР АСФЕНДИАРОВ – ПЕРВЫЙ РЕКТОР КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА (1928-1931 ГГ.) (к 125-летию со дня рождения деятеля)	49
Жылкышыбаева К.К., Каипбаева А.Т. ВОССТАНИЕ КЕНЕСАРЫ КАСЫМУЛЫ В ИССЛЕДОВАНИЯХ РОССИЙСКИХ УЧЕНЫХ (КОНЕЦ XIX – СЕРЕДИНА XX ВВ.)	64
Ксенжик Г.Н. ИННОВАЦИИ В СИСТЕМЕ ВЫСШЕГО И ПОСЛЕВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ РК	76
Каипбаева А.Т., Бурханов Б.Б. САМООТВЕРЖЕННЫЙ ТРУД ИЛЬЯСА ОМАРОВА НА ТРУДОВОМ ФРОНТЕ В 1941-45 ГОДАХ	83
Несипбаева Ж.Ж. ЗАРУБЕЖНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА: ГРАНИ ИСТИНЫ И ЗАБЛУЖДЕНИЯ	90
Нурманова А.К. УРАЛЬСКОЕ ОТДЕЛЕНИЕ ОБЩЕСТВА ИЗУЧЕНИЯ КАЗАХСКОГО КРАЯ КАК ЦЕНТР НАУЧНО-КРАЕВЕДЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ	96
Ошан Ж. ИССЛЕДОВАНИЯ КИТАЙСКИХ УЧЕНЫХ О ДРЕВНИХ ЦЕНТРАЛЬНОАЗИАТСКИХ ПИСЬМЕННЫХ ДОКУМЕНТАХ НА ИНДОЕВРОПЕЙСКИХ ЯЗЫКАХ	106
Ошан Ж. ИССЛЕДОВАНИЯ КИТАЙСКИХ УЧЕНЫХ О «СОКРОВЕННОМ СКАЗАНИИ МОНГОЛОВ»	116
Оскембаева Г.Ж. ГОЛОД В КОСТАНАЙСКОЙ ГУБЕРНИИ (1921-1922 ГГ.)	122
Раисов К.Д., Каипбаева А.Т. ГУМАНИСТИЧЕСКАЯ СУЩНОСТЬ ИДЕИ «СОВЕРШЕННОГО ЧЕЛОВЕКА» АБАЯ ...	154
Смагулова С.О. ГОЛОД В АКТЮБИНСКОЙ ГУБЕРНИИ (1921-1922 ГГ.)	137
Торланбаева К.У. СОБЫТИЯ И ЛИЧНОСТИ: К ИСТОРИИ ВОЗРОЖДЕНИЯ КАГАНАТА ВОСТОЧНЫХ ТЮРКОВ	161

Тулєбаєв Т.А.

П.Г. ГАЛУЗО О КАПИТАЛИЗМЕ И ЕГО ОСОБЕННОСТЯХ В КАЗАХСКОЙ ЗЕМЛЕ 170

Шашаев А.К.

ИЗ ИСТОРИИ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В КОНЦЕ XIX - НАЧАЛЕ XX ВВ. 180

CONTENTS

Abdulina A.T.	
CULTURE AND EVERYDAY LIFE OF KAZAKH WORKERS IN THE POST-WAR PERIOD	8
Atygayev N.A.	
ON CERTAIN SYMBOLS OF POWER (THRONE AND CROWN: FROM THE MONGOL EMPIRE TO THE KAZAKH KHANATE)	14
Atygayev N.A.	
ON THE VALUE OF THE DATA IN THE WORK "TARIKH-I ALFI" IN RESEARCHING THE HISTORY OF THE KAZAKH KHANATE	33
Zhenis Zh.	
THE BYZANTINE EMPIRE AND THE TURKS: AN IDEOLOGICAL STRUGGLE	39
Zhubanyshov B.T., Kaipbayeva A.T.	
STRATEGIC GOALS OF THE RUSSIAN EMPIRE IN THE COLONIZATION OF THE SYR DARYA REGION	45
Zhunisbayev A.	
SANZHAR ASFENDIAROV – THE FIRST RECTOR OF THE KAZAKH STATE UNIVERSITY (1928-1931) (dedicated to the 125 th anniversary of the public figure)	49
Zhylykyshbayeva K.K., Kaipbaeva A.T.	
THE UPRISING OF KENESARY KASYMULY IN THE RESEARCH OF RUSSIAN SCHOLARS (LATE 19TH – MID-20TH CENTURY)	64
Ksenzhik G.N.	
INNOVATIONS IN THE SYSTEM OF HIGHER AND POSTGRADUATE EDUCATION OF RK	76
Kaipbayeva A.T., Burkhanov B.B.	
ILYAS OMAROV'S SELFLESS WORK ON THE LABOR FRONT IN 1941-45	83
Nesipbaeva Zh.Zh.	
FOREIGN HISTORIOGRAPHY OF THE MODERN HISTORY OF KAZAKHSTAN: THE FACETS OF TRUTH AND DELUSION	90
Nurmanova A.K.	
THE URAL BRANCH OF THE SOCIETY FOR THE STUDY OF THE KAZAKH REGION AS A CENTER FOR SCIENTIFIC AND LOCAL HISTORY ACTIVITIES	96
Oshan Zh.	
RESEARCH BY CHINESE SCHOLARS ON ANCIENT CENTRAL ASIAN WRITTEN DOCUMENTS IN INDO-EUROPEAN LANGUAGES	106
Oshan Zh.	
STUDIES OF THE SECRET HISTORY OF THE MONGOLS BY CHINESE SCHOLARS	116
Oskembayeva G.Zh.	
FAMINE IN THE KOSTANAY REGION (1921-1922)	122
Raisov K.D., Kaipbayeva A.T.	
THE HUMANISTIC ESSENCE OF ABAY'S IDEA OF THE «PERFECT MAN»	154
Smagulova S.O.	
FAMINE IN THE AKTOBE REGION (1921-1922)	137
Torlanbayeva K.U.	
EVENTS AND PERSONALITIES: ON THE HISTORY OF THE REVIVAL OF THE EASTERN TURKIC KHAGANATE	161

Tulebaev T.A.

P.G. GALUZO ABOUT CAPITALISM AND ITS FEATURES IN THE KAZAKH EARTH 170

Shashaev A.K.

FROM THE HISTORY OF EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN THE LATE 19TH – EARLY 20TH CENTURIES 180

EDU.E-HISTORY.KZ

Электрондық ғылыми журналы
2015. 1 (2)

Бас редактор: Әбжанов Х.М.
Компьютерде беттеген: Зикирбаева В.С.
Жарияланған күні: 30.03.2015.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 15,6.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй